

«КЕЛІСІЛДІ»

Жамбыл облысы әкімдігінің
дене шынықтыру және спорт
басқармасының басшысы

Е. Ибраимов

2025 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

Жамбыл облысы әкімдігінің
кәсіпкерлік және индустриалды-
инновациялық дамыту
басқармасының басшысы

А. Сейсебаев

2025 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»

Талас ауданының әкімі

Н. Жүнісбеков

2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ауыл» партиясының
Жамбыл облысы бойынша
өңірлік филиал төрағасы

А.Райкұлов

2025 жыл

**«ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰРА – 2025» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА
ӨТЕТІН ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ
ЖАРЫС ЕРЕЖЕСІ**

Тараз қаласы – 2025 жыл

1-БӨЛІМ. Спорттық жарыстың атауы

1.1 «Қызғалдақ мұра – 2025» халықаралық фестивалі аясында ұйымдастырылатын ұлттық және бұқаралық спорт ойындардың фестивалі (*әрі қарай – Фестиваль*).

1.2 Фестиваль 2025 жылғы 3 мамыр аралығында Жамбыл облысы, Талас ауданында өтеді (*Жарыс өтетін орынның сызбасы тіркеледі, (тау бөктері)*).

1.3 Қатысушыларды тіркеу (*регистрациясы*) тиісті сайт және жарыс орнында тіркеу арқылы жүргізіледі;

1.4 Мандаттық комиссиясы және жеребе тарту рәсімі 3 мамыр күні, сағат 08:00-09:00.

1.5 Салмақ өлшеу рәсімі 3 мамыр күні, сағат 09.00-10.00 жарыстың басталуы сағат 10.00;

«Қызғалдақ мұра – 2025» халықаралық фестивалі осы ереженің талаптарына сәйкес өткізіледі және өткізілу барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 74 бұйрығымен бекітілген спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларының сақталуы тиіс.

II. Жарыстың өту мерзімі мен орны:

Өткізу орны: Талас ауданы (*жарыс орны қосымша хабарланады*);

Өткізу мерзімі: Жарыстың басталуы 2025 жылдың 3 мамыр күні.

Мандаттық комиссия отырысы 3 мамыр күні, сағат 8:30-да.

III. Жарыс басшылығы

Жарыстың жалпы басшылығын Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы жүргізеді. Жарысты тікелей ұйымдастырып, өткізу кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы мен ҚР мемлекеттік сатып алу тапсырыс аясында өткізілген конкурста жеңімпаз атанған ұйымға жүктеледі. Жарыс кезінде медициналық көмек, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі Талас ауданы әкімдігіне жүктеледі. Жарысқа қатысушыларды жарыс орнына жеткізу ұйымдастырушылар тарапынан.

IV. «Қызғалдақ мұра – 2025» халықаралық фестивалінде өткізілетін ұлттық және бұқаралық спорт түрлері мен төрешілер құрамы:

№	Спорт түрлері	Қатысушылар (салмақ дәрежесі және жас ерекшелігі)	өкіл, төрешілер және т.б
1	Аударыспақ	Абсолют, 18 жастан	2

		жоғары	
2	Қазақ күресі	Жастар (2005-2007ж.т.) +80 кг жоғары	2
3	Қазақ күресі	Жастар (2005-2007ж.т.) 80 кг дейін	2
4	Қошқар көтеру	Абсолют, 18 жастан жоғары	2
5	Қол күресі	Абсолют, 18 жастан жоғары	2
6	Дәстүрлі садақ ату	Барлық жас ерекшелігі	2
7	Арқан тарту	Команда құрамы 5 адам, 18 жастан жоғары	2
8	Асық ату	Абсолют, барлық жас ерекшелігі	2
9	Тазы иттер жарысы	Тазы ит тұқымдары	2

VI. Спорт түрлерін өткізу тәртібі

Спорт түрлері бойынша барлық жарыстар қолданыстағы жарыс ережесіне сәйкес өткізіледі. Өткізілу тәртібі командалар санына қарай мандаттық комиссия отырысында анықталады. Әр спорт түрлері бойынша **бас төрешілері** қазылық етеді.

VI.Фестивальға қатысушылар

Мандат комиссиясының талаптары бойынша фестивальға жіберу үшін төмендегідей құжаттар қажет:

- жеке басын куәландыратын құжат;
 - кәмелетке толмаған қатысушыларға ата-анасынан қол хат;
- Жарысқа қатысушылар кезегі жеребе тарту арқылы анықталады.

VII. Жарыс шығындары

Жарысқа қатысушылардың келіп, кету шығындары өз қаражаттары есебінен.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы есебінен жүргізіледі (*қаржылай сертификат және т.б*).